

«TAVYS» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

Осы Tabys мобильді қосымшасының құпиялылық саясатында (**бұдан әрі «Құпиялылық саясаты»** және **«Қосымша»**) пайдаланушы Қосымшаға қолжетімділік алған және оны пайдаланған кезде пайдаланушының Дербес деректерін жинауға және өңдеуге қатысты процедуралар мен қағидалар бар. Инвесторлық келісіммен және Қосымшаға қатысты қызметтер көрсету шарттарымен бірге пайдаланушы осы Құпиялылық саясатымен мұқият танысып шығуы керек. Осы Құпиялылық саясатын қабылдай отырып, пайдаланушы Tabys Ltd., Лицензиаттың және/немесе оның кез келген үлестес тұлғаларының, директорларының, қызметкерлерінің, агенттерінің, мердігерлерінің және қызметтер жеткізушілерінің пайдаланушының Дербес деректерін осы Құпиялылық саясатына сәйкес жинауына және өңдеуіне келіседі.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы Құпиялылық саясатында өзгеше анықталмаса, осы Құпиялылық саясатында пайдаланылатын, бірақ анықталмаған терминдер Қызметтер көрсету шарттарындағыдай мәндерге ие.

«**Шот**» Тіркеуші Шотын немесе Депозитарий Шотын білдіреді;

«**Рұқсат етілген өнімдер**» AIX CSD Бизнес-ережелерінде берілген мағынаға ие болады;

«**қолданылатын заңнама**» немесе «**АХҚО заңнамасы**» «Астана» Халықаралық қаржы Орталығының қолданыстағы құқығы шеңберіндегі кейінгі өзгерістерін ескерілетін кез келген қолданылатын заңнаманы білдіреді;

«**AIX**» АХҚО заңына сәйкес құрылған «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Биржасы» жеке компаниясын білдіреді;

«**AIX CSD**» АХҚО заңына сәйкес құрылған «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Биржасының депозитарийі» жеке компаниясын білдіреді;

«**AIX Тіркеушісі**» АХҚО заңына сәйкес құрылған «Астана» Халықаралық қаржы орталығы Биржасының Тіркеушісі» жеке компаниясын білдіреді;

«Tabys Ltd.» «Tabys Ltd.» жеке компаниясын білдіреді, ол МФЦА заңына сәйкес тіркелген және Қосымшаның иесі болып табылады.

«**Қосымша**» «Tabys» сауда белгісімен белгіленген, AIX дайындаған Пайдаланушы мен Лицензиаттар арасындағы, оның ішінде Инвестиция нысандарды орналастыру туралы құжаттарға сәйкес пайдаланушы мен Эмитент арасындағы Инвестиция нысандардың сату мен сатып алуға қатысты байланысты, сондай-ақ пайдаланушы мен Тіркеуші арасындағы, оның ішінде Тіркеушімен келісімге сәйкес инвестордың Инвестиция нысандарына меншік құқығын тіркеуге байланысты, пайдаланушы мен AIX CSD арасындағы Кастодиандық қызмет көрсету шартына сәйкес кастодиалдық қызметтер көрсетуге байланысты жеңілдетуге және пайдаланушылар мен Эмитенттер арасындағы Инвестиция нысандарына байланысты транзакцияларды құжаттауға арналған мобильді қосымшаны білдіреді. Қосымшаны кез келген Құрылғыға жүктеп алуға болады;

«**Кастодиандық қызмет көрсету туралы Шарт**» Инвестор мен AIX CSD арасындағы қатынастарды реттейтін кастодиандық қызметтер туралы шартты білдіреді;

«**Депозитарий**» AIX CSD Бизнес-ережелеріне сәйкес AIX CSD басқаратын депозитарийді білдіреді;

«**Депозитарлық шот**» AIX CSD мен Инвестор арасында жасалған Кастодиандық қызмет көрсету туралы Шарттың талаптарына сәйкес AIX CSD Депозитарийіндегі номиналды шотта құрылған Инвестордың жеке сақтау қосалқы шотын білдіреді;

«**Құрылғы**» - Android және Apple IOS платформаларын қолдайтын операциялық жүйеде жұмыс істейтін мобильді телефон;

«Инвестор» - Инвесторлық келісімнің шарттарын қабылдаған жеке тұлға;
«Эмитент» кез келген **Инвестиция нысанына** қатысты **ол шығарған немесе шығаруға тиісті** заңды тұлғаны, оның ішінде Эмитенттің атынан **Инвестиция нысандарын орналастыру туралы құжаттарға** сәйкес әрекет ететін агентті білдіреді.

«Лицензиат» Қосымшаның иесі болып табылатын АІХ-пен және Лицензиаттардың әрқайсысымен жасалған келісімдер негізінде АІХ Тіркеушісін, АІХ CSD мен Эмитенттерді қоса алғанда, Қосымшаны пайдалануға тиісті құқығы бар кез келген заңды тұлғаны білдіреді;

«Сатып алу-сатуды тіркеуге және ресімдеуге арналған құралдар» немесе **«Құралдар»** веб-сайтты, Қосымшаны және пайдаланушыға Эмитенттен Инвестиция нысандарды сатып алу және оларды Эмитент пайдасына сату үшін Қосымша арқылы ұсынылатын барлық құралдарды білдіреді;

«өңдеу жүргізу», «өңдеу» Дербес деректерге қатысты автоматты құралдардың пайдалануына байланыссыз, Дербес деректермен қандай да бір операцияларды орындауды немесе операциялардың жинағын білдіреді және Дербес деректерді жинауды, жазуды, ұйымдастыруды, сақтауды, бейімдеуді немесе өзгертуді, алуды, пайдалануды, табыстау, тарату немесе өзге түрде ұсыну жолымен ашуды, келісуді немесе біріктіруді, бұғаттауды, өшіруді немесе жоюды білдіреді;

«Тіркеушімен келісім» Инвестор мен Тіркеуші арасындағы Инвестордың Инвестиция нысандарына меншік құқығын есепке алу және Тіркеуші Шотын ашу жөніндегі қатынастарды реттейтін тіркеу қызметтері туралы келісімді білдіреді;

«Инвестиция нысаны» Бағалы қағаздарды және (немесе) инвестициялық монетаның үлесін (бөлігін) білдіреді.

«Бағалы қағаз» АХҚО заңнамасына сәйкес материалсыздандырылған нысанда шығарылған, Рұқсат етілген өнімдер санатына жататын акцияны, борыштық міндеттемені, борыштық қолхатты, сертификатты, құрылымдалған қаржылық өнімді және пайды білдіреді;

«Инвестициялық монеталар» – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы, қымбат металдардан жасалған, инвестиция және жинақ нысаны болып табылатын инвестициялық монеталар.

«Инвестициялық монетаның үлесі (бөлігі)» – АІХ Тіркеушісінің есеп жүйесінде жасалатын, инвестициялық монетаның сәйкес үлесіне (бөлігіне) меншік құқығын білдіретін материалдық емес құқық, ол инвестициялық монетаның жасалған қымбат металдың химиялық таза салмағы граммен (унциямен) айқындалады. Инвесторда Эмитенттен инвестициялық монетаны алу құқығы оның инвестициялық монетаның барлық үлестерін (бөліктерін) толық сатып алу шарты орындалған кезде ғана пайда болады.

«пайдаланушы» Қосымшаны жүктеген және оны пайдаланатын жеке тұлғаны білдіреді.

Осы Құпиялылық саясатты басқа тілдерге аударған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

ЖИНАЛАТЫН ДЕРЕКТЕРДІҢ ТИПТЕРІ

Дербес деректер

Қосымшаны және/немесе Құралдарды пайдаланған кезде Tabys Ltd. және Лицензиаттар пайдаланушыдан белгілі бір жеке мәліметтерді, оның ішінде, пайдаланушының толық аты-жөнін, азаматтығын, тұратын жері туралы мәліметті, электрондық пошта мекенжайын, басқа да жеке байланыс деректерді (телефон

нөмірі мен пошталық мекенжайды қоса), лауазымды, жұмыс беруші туралы мәліметтерді, туған күнін, жеке сәйкестендіру нөмірін, қаржылық ақпаратты, банк шоты/карта деректерін, пайдаланушының фотосуретін, пайдаланушының тіркелу кезіндегі бейнежазбаны, пайдаланушының ұлттық сәйкестендіру құжатты, отбасылық жағдай туралы мәліметті, сонымен қатар төменде анықталғандай Пайдалану туралы деректерді («Дербес деректер») Tabys Ltd. пен Лицензиаттарға беруді сұрауы мүмкін.

Пайдалану туралы деректер

Tabys Ltd. және/немесе Лицензиаттар сонымен қатар пайдаланушының Қосымшаға қашан кіретінін, қашан қолжетімділік алатынын және трафик деректерін, регистрлерді және байланыстың басқа да деректерін қоса, Құрылғы көмегімен немесе ол арқылы қашан пайдаланатынын, сонымен қатар Қосымшаның пайдаланушы қолжетімділік алған және пайдаланушы пайдаланатын мәзірі, пайдаланушының кірген уақыты бен күні, пайдаланушы мәзірде өткізген уақыты туралы ақпарат жинауды жүзеге асыруы мүмкін («Пайдалану туралы деректер»).

Пайдаланушының іс-әрекеттерін қадағалау технологиялары

Tabys Ltd. және Лицензиаттар қадағалау технологияларын Қосымшадағы белсенділікті қадағалау және белгілі бір ақпаратты сақтау үшін пайдаланады. Хабарлағыш, тегтер және скриптер сияқты қадағалау технологиялары ақпарат жинау және қадағалау үшін, сонымен қатар Қосымшаны жақсарту және талдау үшін пайдаланылады.

Бөгде өнім берушілердің ақпарат жинауы

Қосымша бөгде өнім берушілердің қызметтерін пайдаланды, олар Дербес деректерді Қосымшаға қызметтер көрсету және оның жұмысын қамтамасыз ету, оның контентін және пайдаланушы Tabys Ltd. және/немесе Лицензиаттардан сұрайтын кез келген ақпаратты, өнімдерді немесе Құралдарды қамтамасыз ету үшін жинай алады. Пайдаланушы кейбір бөгде өнім берушілердің құпиялылық саясатымен мына гиперсілтемелер бойынша өтіп танысуына болады:

- [Google Play Services](#)
- [AppsFlyer](#)
- [Amplitude](#)
- [Google Firebase](#)

Tabys Ltd. және/немесе Лицензиаттар бөгде өнім берушілердің құпиялылық саясаттарының толықтығы мен орындалуы немесе олардың Дербес деректерге қатысты кез келген міндеттемелерінің орындалуы үшін жауап бермейді.

ДЕРЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Tabys Ltd. және/немесе Лицензиаттар жиналған Дербес деректерді әртүрлі мақсаттар үшін (қажет болған жағдайда) өңдеуді жүзеге асырады:

- Қосымшаға қызметтер көрсету және оның жұмысын қамтамасыз ету, оның контентін және пайдаланушы Tabys Ltd. және Лицензиаттардан сұрайтын кез келген ақпаратты, өнімдерді немесе Құралдарды қамтамасыз ету үшін;

- Қосымшадағы, Құралдардағы және пайдаланушының профиліндегі өзгерістер туралы пайдаланушыға хабарлау үшін;
- Клиенттік қолдау көрсету үшін;
- Tabys Ltd. Қосымшаны жақсарту алуы үшін талдау немесе құнды ақпарат жинау үшін;
- Қосымшаны пайдалану дәрежесін бақылау үшін;
- Техникалық проблемаларды табу, оларды болдырмау және шешу үшін;
- пайдаланушының профиліне қызмет көрсету және оны қорғау үшін;
- нормативтік-құқықтық талаптарды (соның ішінде құжаттаманы жүргізуге және бөгде бағдарламалық жасақтама арқылы ақша жылыстату мәселелері бойынша тексерістер жүргізуге қойылатын талаптарды) сақтау үшін;
- қажет болғанда, реттеу органының, полицияның немесе басқа да мемлекеттік органның, ол АХҚО юрисдикциясында болса да немесе Қазақстан Республикасының юрисдикциясында болса да, ресми сұранымын орындау үшін.

Деректерді қорғау туралы АХҚО қағидаларына сәйкес Дербес деректерді өңдеу үшін құқықтық негіз

Осы Құпиялылық саясатында сипатталған Дербес деректерді жинаудың және өңдеудің құқықтық негізі Tabys Ltd. және/немесе Лицензиаттар жинайтын Дербес деректерге және Tabys Ltd. және/немесе Лицензиаттар оларды жинайтын нақты мәнмәтінге байланысты.

Tabys Ltd. және/немесе Лицензиаттар пайдаланушының Дербес деректерін өңдеуді жүзеге асыруға құқылы, себебі пайдаланушы:

- осы арқылы өзінің айқын және саналы келісімін береді;
- өңдеу Tabys Ltd. және Лицензиаттардың заңды мүдделеріне жауап береді және пайдаланушының құқықтарын бұзбайды;
- Tabys Ltd. және Лицензиаттар оларға қатысты барлық заңдық міндеттемелерді сақтауға міндетті.

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ БЕН КЕПІЛДЕРІ

Құпиялылық саясатын қабылдай отырып, пайдаланушы төмендегілерді мәлімдейді және оларды кепілдендіреді:

- пайдаланушы Tabys Ltd. пен Лицензиаттарға осы саясатта жазылған мақсаттар үшін және қағидаларға сәйкес өзінің Дербес деректерін жинауға және өңдеуге өзінің айқын және саналы келісімін береді;
- егер пайдаланушының Дербес деректері АХҚО-да қолданылатын деректерді қорғау туралы заңдар тұрғысынан деректерді қорғаудың сәйкесті деңгейі көзделмеген елдерге немесе аумақтарға берілсе, Tabys Ltd. пен Лицензиаттар деректерді берудің АХҚО-ның Деректерді қорғау туралы ережелері мен Деректерді қорғау қағидалары талап ететіндей тиісті механизмдерін ендіруге тиіс болуы шартымен («**Деректерді қорғау туралы заңдар**»), Tabys Ltd. пен Лицензиаттар пайдаланушының Дербес деректерін осы саясатта жазылған мақсаттар үшін сақтай, бере немесе аша алады немесе үшінші тараптарға осындай Дербес деректерді кәсіби немесе өзге қызметтер көрсету кезінде Tabys Ltd. және/немесе Лицензиаттар атынан немесе өзге түрде әр жағдайда пайдаланушы әлемнің қай жерінде болса да өңдеу үшін бере алады.

Пайдаланушы Дербес деректерді АХҚО шегінен тыс юрисдикцияда орналасқан бұлтты қызметтердің беделді жеткізушілерінде беруге, өңдеуге және сақтауға болатынымен келіседі.

- пайдаланушы тиісті растау құжаттарын беріп, өзінің Дербес деректеріндегі кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы кідіріссіз хабарлайды.

ДЕРЕКТЕРДІ САҚТАУ

Tabys Ltd. және Лицензиаттар пайдаланушыны Дербес деректерін осы Құпиялылық саясатында жазылған мақсаттар үшін қажет болған уақытқа ғана сақтайды. Tabys Ltd. және Лицензиаттар пайдаланушының Дербес деректерін Tabys Ltd. пен Лицензиаттардың заңи міндеттемелерін сақтау үшін (мысалы, егер қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдаланушының деректерін сақтау міндеті болса), дауларды шешу үшін және Tabys Ltd. пен Лицензиаттардың заңи келісімдері мен міндетті процедураларды сақтауды қамтамасыз ету үшін қажет шамада сақтайтын және пайдаланатын болады.

Сонымен қатар Tabys Ltd. және Лицензиаттар Пайдалану туралы деректерді ішкі талдама үшін сақтайтын болады. Пайдалану туралы деректер бұл деректер қауіпсіздікті күшейту және Қосымшаның функцияларын жақсарту үшін пайдаланылатын немесе бұл деректерді анағұрлым ұзағырақ уақыт кезеңі бой сақтауға заңгерлік тұрғыдан міндетті болатын жағдайларды қоспағанда, әдетте анағұрлым қысқа уақыт кезеңі ішінде сақталады.

Арнайы заңнама негізінде ұзақ уақыт сақтау қажет немесе Дерек қажет болатын сот ісін жүргізу жағдайындағы Деректерді қоспағанда, Деректер Tabys Ltd. және/немесе Лицензиаттардың жүйелерінен 7 (жеті) жылдан кейін алынып тасталады.

ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Пайдаланушының Дербес деректерін сақтау үшін тиісті құралдарды пайдалануға барлық мүмкіндіктерді жасалуына қарамастан, Tabys Ltd. және/немесе Лицензиаттар электрондық сақтаумен, сонымен қатар интернетте сақтаумен байланысты жалпы тәуекелдерден шыға отырып, олардың абсолютті қауіпсіздігін кепілдендіре алмайды. Tabys Ltd. пен Лицензиаттарға берілген кез келген Дербес деректерге қолжетімділік сұрау, оларды түзету, өзгерту немесе жою үшін пайдаланушы tabys@tabysapp.kz мекенжайы бойынша электрондық хат жолдай алады. Tabys Ltd. және Лицензиаттар пайдаланушының Дербес деректерін пайдаланушының профилін жою жолымен жойғаннан басқаша жоя алмайды. Егер мұндай өзгерту немесе жою қандай да бір заңды бұзса немесе бұрыс ақпаратқа әкелетін болса, Tabys Ltd. және Лицензиаттар пайдаланушының ақпаратты өзгерту немесе жою туралы сұранымын қанағаттандыра алмайды.

Белгілі бір мән-жайларда, егер Дербес деректерді өңдеу Деректерді қорғау туралы заңға қайшы келсе, деректерді қорғау үшін пайдаланушының төмендегі құқықтары болады:

- Қол жеткізу құқығы.** Пайдаланушы өзінің Дербес деректерінің қандай уақыт аралығында және қандай мақсатта жиналғанын кез келген уақытта сұрауға құқылы.
- Түзетуге құқық.** Пайдаланушы жалған немесе толық емес Дербес деректерді кез келген уақытта сұраныс бойынша түзетуді немесе толықтыруды талап етуге құқылы.
- Өңдеуді шектеу құқығы.** Пайдаланушы өзінің Дербес деректерін өңдеуді шектеуді талап етуге құқылы. Бұл дегеніміз, қарастырылып отырған Деректер

компьютерлік жүйелерде «белгіленеді» және оны белгілі бір уақыт аралығында пайдалану мүмкін болмайды.

d. **Жою құқығы.** АХҚО заңдарында талап етілетін ерекшеліктерді ескере отырып, Пайдаланушы өзінің Дербес деректерінің жойылуын талап ете алады. Пайдаланушының Дербес деректері төмендегі жағдайлардың орын алуымен дереу жойылуға жатады:

- Пайдаланушының Дербес деректері олар өңделу үшін жиналған мақсаттар үшін қажет емес болуы;
- Пайдаланушы өзінің Дербес деректерін өңдеуге негізделген келісімді қайтарып алуы немесе деректерді өңдеуге басқа заңды негіздердің болмауы;
- Пайдаланушының Дербес деректерінің заңсыз өңделуі.

Пайдаланушының Дербес деректерді жою құқығы Tabys Ltd. және/немесе Лицензиаттардың заңды талаптарын ұсыну, жүзеге асыру немесе қорғау үшін қажет болған жағдайда туындамайды.

Пайдаланушы мұндай сұрауларға жауап бермес бұрын, пайдаланушынан оның жеке тұлғасын растау сұралуы мүмкін екендігіне назар аударыы тиіс.

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫН ӨЗГЕРТУ

Заңнамадағы немесе озық іс-тәжірибедегі өзгерістерді немесе Tabys Ltd. ендіретін қосымша функцияларды көрсету үшін немесе басқа мақсаттар үшін Tabys Ltd. мерзімді түрде осы Құпиялылық саясатқа өзгерістер енгізіп отыруы мүмкін.

Пайдаланушыға осы Құпиялылық саясатын өзгерістерге қатысты мерзімді қарап отыру ұсынылады. Осы Құпиялылық саясатындағы өзгерістер олар Қосымша арқылы жарияланғанда күшіне енеді. Егер пайдаланушы осы Қосымшаны пайдалануды жалғастыратын болса, пайдаланушы енгізілген өзгерістермен келіседі деп саналады. Егер пайдаланушы мұндай өзгерістермен келіспейтін болса, пайдаланушы Қосымшаны дереу алып тастап, оны пайдалануды тоқтауға тиіс.

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢНАМА, ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЖӘНЕ ТІЛДЕР

Осы Құпиялылық саясаты АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі, ал пайдаланушы мен Tabys Ltd. және/немесе Лицензиаттар арасындағы осы Құпиялылық саясатына сәйкес немесе онымен байланысты туындайтын кез келген дау АХҚО Сотында АХҚО Қағидалары мен Ережелеріне сәйкес шешіледі және пайдаланушы аталмыш дауларды шешу үшін АХҚО Сотының айрықша юрисдикциясына бағынады.

Егер осы Құпиялылық саясатының қандай да бір ережесі (немесе ережесінің бөлігі) қандай да бір сотпен немесе құзыретті юрисдикцияның әкімшілік органымен жарамсыз, орындауға келмейтін немесе заңсыз деп танылатын болса, мұндай шарт немесе жағдай қолданылуы заңмен рұқсат етілген максималды дәрежеде жалғастырылатын басқа шарттар мен жағдайлардан бөлектетілетін болады.

БІЗБЕН БАЙЛАНЫСЫҢИЗ

Осы Құпиялылық саясат жөнінде туындайтын сұрақтар tabys@tabysapp.kz электрондық поштасына жіберіле алады.